

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Құбайденова Ақерке Тұрарқызы

[Ak\\_erke\\_2001@mail.ru](mailto:Ak_erke_2001@mail.ru)

7М01301 -Білім беру менеджменті 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, п.ғ.д., қауымд. профессор – Муханбетжанова А.У.

Бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау, қауіпсіз мінез құлықтарын қалыптастыру және салауатты өмір салтын ұстануға баулу – қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі. Бұл үдерісте педагогтың басқарушылық қызметі ерекше рөл атқарады. Себебі бастауыш мектеп мектеп кезеңі – баланың физикалық, психикалық дамуының іргетасы қаланатын маңызды кезең. Бала денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мұғалім білім беру бағдарламасын тиімді ұйымдастырып, оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастырып, олардың салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыруы қажет[1].

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын ұстануы мен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыруда педагогтың басқарушылық қызметі ерекше рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын нығайту, дұрыс тамақтану, қозғалыс белсенділігі және қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын дамыту – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Бұл мақалада педагогтың басқарушылық қызметі тұрғысынан бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын (СӨС) қалыптастыру, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету және осы үдерісті ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Педагогтың басқарушылық қызметі оқушылардың физикалық және психологиялық денсаулығын сақтауға бағытталған кешенді жұмыстардан тұрады. Ол келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асады.

1. Оқу тәрбие процесін ұйымдастыру. Бұл бағыт 4 пунктке бөлінеді.

- Денсаулық сақтау технологияларын оқу үдерісіне енгізу;
- Дене шынықтыру сабақтарын тиімді өткізу;
- Сыныптағы санитарлық – гигиеналық талаптарды сақтау;
- Оқушылардың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру;

2. Оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру

- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Дұрыс тамақтану әдеттерін дамыту;
- Психологиялық саулықты сақтау бойынша тренингтер өткізу;
- Денсаулыққа қатысты білім беру шараларын ұйымдастыру;

3. Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру

- Жол жүру ережелерін меңгерту;
- Өрт қауіпсіздігі және алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын үйрету;
- Интернет қауіпсіздігін сақтау ережелерін түсіндіру;

- Балалардың қоршаған ортада қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру;

Осындай пункттер арқылы оқушыларды салауатты өмір салтына және мінез-құлықты қалыптастыруда көмегі зор.

Бастауыш сыныпта салауатты өмір салты мен қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыруда келесі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Мысалы: Ойын әдістері, жобалық әдістері, тәжірибелік әдістер, топтық жұмыс. Ойын әдісі арқылы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ойындар арқылы денсаулық пен қауіпсіздік туралы білім беру. Бұл әдіс түрлі жас ерекшеліктеріне сай келеді. Жобалық әдіс - балаларды зерттеу және шығармашылық жұмыстарға тарту арқылы олардың салауатты өмір салты жөніндегі көзқарастарын дамытады. Тәжірибелік әдісте – көбінесе практикалық тапсырмалар мен тренингтер арқылы оқушыларға қажетті дағдыларын меңгертеді. Топтық жұмыс – бұл әдіс арқылы балалардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру және қауіпсіздікке байланысты мәселелерді бірге шешеді.

Педагогтың басқарушылық қызметінің мәні.

Бастауыш сынып мұғалімі тек білім беруші ғана емес, ол ұйымдастырушы, бақылаушы, үйлестіруші, бағыттаушы рөлдерін атқарады. Оның басқарушылық қызметі:

**Оқушылардың денсаулығын сақтау.** Яғни дұрыс тамақтану әдебін, дене белсенділігін қалыптастыруды, жеке бас гигиенасын сақтауды меңгертеді. Фаст-фуд тамақтардан біртіндеп бастартып, дұрыс яғни витаминдерге мол тамақтарды жеуін қадағалау керек. Бұл жайлы дұрыс меңгермесе болашақта балалардың денсаулығы жоғалатынын айтып, меңгерту керек. Дене белсенділігін тұрақты жасауы керек.

Күнделікті қозғалыс пен күнделікті 2 сағаттық серуен жетеді. Бұл да денсаулықтарын нығайтуға зор көмектеседі. Жеке бас гигиенасын сақтауды кішкентай кезінен бастап үйренуі керек. Вирус пен инфекцияның көп болуы денсаулықты нашарлатады. Бұл жағдайда оқушыға тек мұғалім тарапынан ғана емес ата-ана тарапынан да талап болуы керек. [2]

**Қауіпсіз мінез – құлық дағдыларын қалыптастыру.** Жол қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігі және интернет қауіпсіздігі жөнінде түрлі мәліметтер береді. Сынып сағаттары мен арнайы мамандармен кездесулер ұйымдастырады. Жол қауіпсіздігіне арналған сынып сағаттарын оқушылар теория арқылы ұғынады. Яғни онда айтылған маңызды хабарларды олар теория арқылы ұғынады. Бұндай жағдайда оларға театр қойылымдарын немесе өмірлік видеоларды көрсету керек. Өрт қауіпсіздігін еңкейген шалдан бастап, еңбектеген балаға дейін білуі шарт. Өрт тілсіз жау. Бұл жағдайда ең алдымен оқушыға алғышарттарын оқытып, үйретуі керек. Арнайы мамандармен кездесулер өткізіліп тұруы керек.

**Оқушылардың психологиялық саулығын қолдау.** Оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын және дұрыс қарым-қатынас орнатуын психологтармен бірлесе жұмыс жасап бекітеді. Қазіргі буллингтың тараған заманында кей оқушылар психологиялық қолдауға зәру болады. Киберқауіпсіздік пен буллингтен сақтануға оқушынымен психологтардың жұмыс жасауы маңызды. Ал бұл жағдайды ескертетін сынып жетекшісі немесе ата-анасы.

**Ата-аналармен, медициналық қызметкерлермен және мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс орнату арқылы жүзеге асады.** Оқушылардың бұл жағдайда сынып жетекшісі ғана емес ата-анасының да ықпалы зор болуы керек. Ата-анамен оқушының арақатынасының да маңызды болуы шарт. Кей оқушылар ата-аналарымен сырласпайтыны белгілі. Немесе ата-аналарының уақыт бөлмеуі үнемі жұмыс басты болуы оқушылардың психологиялық және эмоциялық ауытқушылықтарын арттырады. Қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру үшін оқушылар мен ата-аналармен мектеп әкімшіліктері түсіндірме жұмыстарын жасаулары керек.

Осы қызметтерді тиімді жүзеге асыру арқылы мұғалім оқушылардың өмір сүру сапасын жақсартып, олардың қауіпсіз ортада білім алуына мүмкіндік жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Салауатты өмір салты – баланың физикалық және психологиялық денсаулығын нығайтуға бағытталған өмірлік ұстаным. Мұны қалыптастыру үшін мұғалімдер келесі бағыттарда жұмыс жасауы қажет. Жоғарды атап өткендей:

1. Дұрыс тамақтану мәдениетін үйрету;
2. Дене белсенділігі мен спортқа баулу;
3. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;

Дұрыс тамақтану мәдениетін үйрету бағыты.

**Оқушыларға пайдалы және зиянды тағамдар туралы ақпарат беру.** Пайдалы тағамдарды көптеп тұтыну керектігін айтып жүру керек. Қазіргі таңда оқушылар да басқа ересек тұлғаларда фаст-фудтың немесе тез дайындалатын тағамдардың құрбаны болып бара жатыр. Газды сусындар, сағыз, көмірсу мен майлы тағамдарды көп тұтынатынының әсерінен оқушылардың денсаулықтарының ауытқушылықтары байқалады. Соған сай оқушыларға мектеп асханасында дұрыс тамақтануды үйретеді. Мектептегі әрбір берілетін тағамдардың құрамын өлшеп, санап береді.

Бұл жағдайда мектептен ғана емес үй ішінен яғни ата-анасыменде үйдегі тамақтану дағдыларын реттеулері керек. Күнделікті тұрақты таңғы ас, түскі ас және кешкі асты бірге тұтынатын болса баланың денсаулығын ауытқушылық болмайды деген сенімдемін.

**Дене белсенділігі мен спортқа баулу.** Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарын қызықты әрі тиімді ұйымдастыру оқушылардың физикалық белсенділігін көтеруге зор әсер етеді. Гаджет пен телефон, цифрлық қоғамда оқушылардың дене белсенділігі әлдеқайда төмен. Мектеп қабырғасындағы дене шынықтыру сабағында уақыттың өте аз болуы кедергі келтіреді.

Қозғалыс белсенділігін арттыру. Сергіту сәттері мен ашық ауадағы ойындарды көбірек ойнату. Сергіту сәттері сабақ барысында 2-3 минутқа ғана созылады. Ашық ауада ойналатын ойындар квест сияқты ойындар балалардың дене белсенділігін арттырады.

Спорттық шараларды көбірек ұйымдастыру. Сынып ішінде болсын немесе ұжымдық ойындарды көптеп ұйымдастыру маңызды. Кей оқушылар түрлі спорттық үйірмелерге қатысады. Сондай үйірмелерге қатысатын оқушылардың өнерлерін басқа оқушылардың алдына көрсетсе, оқушылар ынталанып қатысқысы келетін еді. Мектеп қабырғасында түрлі спорттық шаралар ұйымдастыру. Оның ішінде волейбол, футбол, баскетбол, күрес, таэквандо, гандбол тағы басқа осындай ойындарды жиілеп аптасына кемінде 1 рет ұйымдастыру. Және де ол шараларға барлық сыныпты қатыстыруды қамтамасыз ету керек. Қазақстанның атақты спортшыларының жеңістерін, олардың тактикасы мен көрсететін әрекеттерін оқушыларға мақтаныш тұтып, мотивация алу мақсатында көрсете білу керек. Атақты боксшыларымыз, әлем чемпиондары мен олимпиада чемпиондарын таныстырып, өскенде сондай болуға ұмтылдыруымыз керек.

Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Оқушы жеке бас гигиенасының не екенін түсінуі керек. Ол әр адамға керек дүние. Жеке бас гигиенасы ең алдымен тазалықтан тұрады. Жеке тазалағын сақтау. Қол жуу. Оқушы сырттан кіргенде, тамақ ішер алдында, тамақ ішіп болғаннан кейін, әжетханадан шыққаннан кейін қолдарын міндетті түрде жуып отыруы керек. Өйткені әртүрлі бактериялар қолы арқылы адамның іш-құрылысына өтеді. Осыдан іш ауруы, паразиттер, түрлі инфекциялар жұғады. Тістің тазалығы. Оқушы немесе басқа да ересек адамдар тіс тазалығына, тіс күтіміне терең мән беруі керек. Тісті күніне 2 мезгіл жуады.

Киім мен аяқ-киім тазалығына мән беру керек. Киімдерін таза, ұқыпты киіп, өз тазалықтарын өз беттерінше дұрыстап үйренулері керек. Бұндай жағдайды мектеп қабырғасынан бастап үйретіледі.

Инфекциялық аурулардың алдын алу шараларын түсіндіру керек. Оны түсіндірудің алғышарттары мектеп медсестраларымен жүргізіледі. Сынып жетекшісінің

сынып сағаттарына қосып айтуы, сабақ барысында қайта-қайта айтып отыруы маңызды. Инфекцияны кішкентай балалар өте көп жұқтырады. Соған сай оларға берілетін талаптарды орындату керек.

Осы бағыттар арқылы мұғалім оқушылардың денсаулығын нығайтып, олардың салауатты өмір салтына бейімделуіне көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының қауіпсіздігі – мектеп пен отбасының басты назарында болуы тиіс. Мұғалім балаларға қауіпсіздік негіздерімен қатар салауатты өмір салтын үйрету үшін жоғары бағыттарға көңіл бөлуі керек. Педагогтің басты міндеті – тек білім беру ғана емес, оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың болашақ өміріне негіз қалайтын құндылықтарды қалыптастыру. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс еліміздің болашақ ұрпағының денсаулығы мен амандығын қамтамасыз етеді. Бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын ұстануы мен қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру – педагогтың басқарушылық қызметінің маңызды аспектісі. Бұл үдеріс кешенді және жүйелі жұмыстарды талап етеді. Мұғалімдер ата-аналармен, медицина қызметкерлерімен және қоғамдастықпен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Сондықтан, салауатты өмір салтын насихаттау және қауіпсіздік дағдыларын дамыту – әрбір педагогтың басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Педагогтың басқарушылық қызметін тиімді ұйымдастыру үшін **тәрбие әдістерін** дұрыс қолдану маңызды. Оған мыналар жатады:

**Мотивациялық әдістер** – оқушылардың қызығушылығын арттыратын ойындар, сайыстар, марапаттау жүйесі.

**Практикалық әдістер** – тәжірибелік сабақтар, тренингтер, рөлдік ойындар.

**Ақпараттық әдістер** – лекциялар, әңгімелер, презентациялар арқылы түсіндіру.

**Ата-аналармен ынтымақтастық** – бірлескен іс-шаралар, кеңестер, отбасылық тәрбие бағдарламалары. [3]

Бұл әдістер оқушылардың салауатты өмір салты мен қауіпсіздік дағдыларын меңгеруін жеңілдетеді. Зерттеу барысында бастауыш оқушыларының мінез-құлық дағдыларын дамыту критерийлері анықталды. Когнитивті, эмоционалды-құндылық және мінез-құлық.

Сондай-ақ бастауыш мектеп оқушыларының даму деңгейлерінің сипаттамалары. Бастауыш төмен, тұрақты (салыстырмалы түрде жоғары) және тұрақты (жоғары). И.Марьенко, Э.Монохон, А.Енин, В.Кутьеваның, М.Поташник т.б. ғалымдардың еңбектерінде теориялық концепцияларға негізделіп сыныптан тыс әрекетті мектеп коллективінің өмір әрекетінің бір бөлігіне, өз еркімен, мақсатты бағытталған, шығармашылық әрекеттің бөлігі ретінде қарастырамыз. Сыныптан тыс әрекеттің маңызын іске асыру жас өспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қосымша мүмкіндіктер ұсынады: оқушылармен салауатты өмір салты факторларына қатысты сыныптан тыс әрекеттің формаларын, құралдары және әдістерін еркін таңдау мүмкіндігі; Оқушылармен салауатты өмір салты факторларына қатысты жеке тәжірибені кеңейту және тереңдету мүмкіндігі; оқушылардың және оқытушылардың өзара әрекетін дамыту мүмкіндігі; салауатты өмір салты аспектілеріне қатысты жан жақты дамыған қажеттіліктерді қалыптастыру мүмкіндігі. Осылайша, сыныптан тыс уақытта оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру проблемасын зерттеу сыныптан тыс тәрбие жұмысы кезінде салауатты өмір салтына ену бойынша инновациялық технологияларды ұйымдастыру және жобалау қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қорытындылағанда: ауыл мектептері жағдайында оқушылардың салауатты өмір сүру дағдысын инновациялық технологиялар арқылы қалыптастырудың теориялық негізі арнайы тарихи-педагогикалық талдаулар, теориялық аспектілерді қарастыру арқылы инновациялық технологиялар арқылы әсер ету ерекшеліктері айқындалып бұл мәселедегі теориялық нобай жасалып көрсеткіштері мен деңгейлері анықталды.[4],[5]

Баланың денсаулығын қалыптастыру үшін спорттық және ойын сауық іс-шараларын ұйымдастырып, оқушылардың қауіпсіздік шараларын және өмір қауіпсіздігін түсінудің алғы шарттарын білулерін алға қою керек. Жалғыз мұғалім тарапынан емес, ата-ана тарапынан да жауапкершіліктер болуы керек. Жоғарда айтылып өткендей түсіндірме жұмыстарын сауалнама арқылы жүргізу. Тек бірігіп жасалған жұмыс. Қорытындылай келе бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын және қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру – мұғалімнің басқарушылық қызметінің маңызды бағыты. Мұғалімнің дұрыс ұйымдастырылған жұмысы арқылы оқушылар денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға, белсенді өмір салтын ұстануға және қауіпсіздік ережелерін үйренуге дағдыланады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Амосов Н. М. Раздумье о здоровье. — М.: ФиС, 2014 2 Баладанов О. Ю., Козловский И. З., Бахтинов О. П. Актуальные проблемы сохранения, укрепления и приумножения здоровья школьников. // Проблемы здоровья человека. Развитие физической культуры и спорта в современных условиях: Материалы межрегиональной научно-практической конференции, посвященной 55-летию ФФК СГУ. — Ставрополь: Изд-во СГУ, 2012
2. Акишева, А. К. Бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру / А. К. Акишева, Э. Н. Касимбаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 51 (393). — С. 545-549. — URL: <https://moluch.ru/archive/393/86866/> (дата обращения: 27.03.2024).
3. III Международной научно-практической конференции «Философия отечественного образования». - Пенза: РИО ПГСХА. - 2007. - С. 135-136 (0,2 п. л.).
4. Бальсевич В. К., Лубышева Л. И. Ценности физической культуры в здоровом стиле жизни // теория и практика физической культуры. 2014
5. Беляев Н. Г. Возрастная физиология. — Ставрополь: Изд-во СГУ, 2014 6 Беляев Н. Г.,
6. Суворов О. В. Характеристика физического развития современных школьников. // Актуальные проблемы развития физической культуры в современных условиях: Материалы научно-практической конференции. — Ставрополь: изд-во СГУ, 2011